**№3 дәріс. Көне түркілік ортақ фразеологизмдердің құрамындағы алтай тілдерінің элементтері.**

Түркітану ғылымында “Алтай тілдері” теориясын қалыптастырушылар – салыстырмалы-тарихи тіл білімін қалыптастырушылардың бірі, Дания ғалымы Р. Раск және неміс ғалымдары В. Шотт пен М. Кастрен. Алайда бұл теория өз бастауын XVIII ғасырдан алады. І Петр заманында соғыста тұтқындалған ұзақ жылдар бойы Сібір өлкесінде өмір сүрген швед армиясының офицері Табборт Страленберг 1730 жылы Стокгольмде “Европа мен Азияның солтүстік және шығыс бөлігі” атты еңбек жариялайды. Осы еңбегінде Страленберг түркі, монғол, тұнғыс-маньчжур тілдері бір негізден тараған туыстас, төркіндес тілдері деп, оларды “Алтай тілдері” атауымен атайды. Кейінірек (Е.Поливанов, Г.Рамстед және т.б.) осы пікірді теориялық жақтан тереңдетіп, құрамына угрофин, самоди тілдерін қосып, “Орал-Алтай тілдері” деген ат береді. Бұл теорияны гипотеза деп таниды. Оны жақтаушылары мен қарсы пікір айтушылардың саны тепе-тең.

Қарама-қарсы пікірді қолдайтындар тілдер арасындағы генеологиялық жақындықты емес, типологиялық ұқсастықты негізгі принцип ретінде ұсынады. Қазіргі уақытта Алтай тілдер теориясы “Алтаистика” ғылымында жалғасын табуда, ол тілдердің мағлұматтары негізінде қалыптасқан Алтаистиканың халықаралық комитеті бар.

Атақты түркітанушы ғалым академик А.Н. Кононов түркі, монғол, тұнғыс-маньчжур тілдері арасында лексикалық, фонетикалық және грамматикалық ұқсастықтар барлығы даусыз, бірақ жақындықтардың себебі нақты емес, алдағы уақытта белгілі болар деген үміт те қисынсыз, соған қарамастан “алтай тілдері” арасындағы жақындықтар мен жалпылылық сипаттарды түркі тілдері тарихын зерттегенде керек деген пікірді қолдай отырып [А.Н. Кононов, 1968; 95 б.], сөздіктерде тіркелген, этимологиясы ғылыми түрде талданған “алтай тілдері” байланысын дәлелдейтін кейбір фраземалардың пайда болу көздеріне талдау жасаймыз.

Монғол тілдері мен түркі тілдеріндегі ұқсастықтарды салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеген ғалым Б. Базылханның пікіріне сүйенсек, “Монғолша-қазақша сөздікке” енген 40000 сөздің 24000 сөзі 1500 түбірден тараған, яғни 60% екі халыққа ортақ туынды сөздер болып табылады [Б.Базылхан, 1977; 4-7 бб.]. Бұл жақындықтар тілдердің жалғамалылық қасиетінен болса, екінші жағынан, біздің заманымыздан көп бұрын болған Алтай заманының бірлестігі болуы ықтимал.

Түркі-монғол тілдерінің ортақтастығын фонетикалық, лексикалық, грамматикалық қабаттардан дәлелдей отырып, профессор Р. Сыздықова былай дейді: “Ол ортақтық қазіргі алтаистика (“алтай тілдері” теориясы) орын алып келе жатқан екі концепцияның қайсысы, яғни түркі-монғол тілдерінің түп тегі бір дегеннен (генетикалық жақындық теориясынан) шығарыла ма, жоқ әлде түркі, монғол тайпаларының ұзақ уақыт бойы аралас-құраластықтарынан (типологиялық сәйкестік теориясынан) шығарыла ма – ол арнайы зерттеу объектісі, оны шешу біздің бұл еңбегіміздегі міндетімізге енбейді” [Р.Сыздықова, 1994; 175 б.].

Монғол және қазақ тілдеріндегі сөз тікестеріне арнайы талдау жасай отырып, Р. Сыздықова *тас* сөзінің этимологиясын төмендегі сөздермен тіркесу қабілетіне қарай ашады:




Бұл тіркестердегі “*тас* сөзінің мағынасы *тау-тас, кесек тас* дегенде келетін *тас* сөзіне еш қатысы жоқ. Тас сөзі монғол тілінде “мүлде, әбден, тым” деген мағынаны беретін сөз, бірақ қазақ тілінде ол сындық, үстеулік, шылаулық қызмет атқарып, кез келген сөзбен

емес, кейбір сөздермен ғана тұрақты тіркес жасайды... Демек, оның мағынасы өте ертеден түркі тілдерінде де болып, кейін оны өзге сөздер алмастырған да, *тас* сөзі "мүлдем, тым, әбден, нағыз, нақ" деген мағынада тек тіркес құрамында сақталды деп түйеміз [Р. Сыздықова, 1994; 176 б.].

Ә. Нұрмағамбетов "Бес жүз бес сөз" еңбегінде *араны ашылу* "тойымсыз, ашқарақ, қанағатсыз" мағыналарына ие фраземасындағы қазіргі сөйлеушіге түсініксіз *аран* сөзінің этимологиясына талдау жасайды.

Монғол тілінде – *араа* [Б. Базылхан, 1974; 12 б.], эхирит-булагат говорында – *араан* [Исследование бурятских говоров, 1968; 12 б.] сөздері қазақ тіліндегі "азу" (азу тіс) мағынасын береді. Н.А. Баскаков алтай тілінің солтүстік диалектісінде "арсыл" сөзі "азулы" дегенді ұғындыратынын айтады [Н.А. Баскаков, 1966; 103 б.]. Егер "аран" сөзінің орнына өзімізге белгілі "азу" сөзін қойсақ, *азуы ашылды* тіркесін көрген болар едік. Біздің ойымызша, *азу* сөзінің өзі *аран* сөзінің дыбыстық варианты болса (р ˜ з сәйкестігіне орай (мысалы, чуваштарда – хийр  қыз қазақ тілінде)) керек [Ә.Нұрмағамбетов, 1994; 22 б.].

*Айылын жимау* "қорықпау, жасқанбау". Қазақ тілінде болымсыз мәнде айтылатын *айылын жимады* тіркесі бар. Монғол тілінде айыл сөзі "қорқыныш, үрей" мағынасын береді. Айыл сөзі түркі-монғол тілдеріне ортақ сөз болып, үрейін жимау "қорықпау, жасқанбау" мағынасын беретін тіркес ретінде қалыптасқан. Құрамында түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздерді сақтаған, "еншісі бөлінбеген" тіркестер қазақ тілінде аз кездеспейді [Р. Сыздықова, 1994; 27 б.].

*Қара дүрсін* "қарапайым, жабайы, жоба, мөлшер" фраземасындағы дүрсін сөзі жеке, дербес түркі тілдерінде де, монғол тілінде де қолданылмайды. "Алтай тілдері теориясына" кіретін тұнғыс-маньчжур тобына жататын маньчжур тілінде *дэрсен* сөзі "қарапайым, жай (простой)" мағынасын береді [Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков, 1975-1977; 237 б.]. Қазақ тілінде *қара халық, қара жаяу, қара жұмыс* тіркестеріне сәйкес қалыптасқан *қара дүрсін* фраземасы жасалған, ө  у дыбыс сәйкестігі заңдылығымен *дүрсун >дүрсін* тұлғасы туған (қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерінде *төсек > түсек, өгей > үгей, дөнен > дүнен* фонетикалық алмасулар фактісі кездеседі) [Ә. Нұрмағамбетов, 1994; 78 б.].

*Су қараңғы* "түк көрмейтін соқыр". Су сөзі – түркі, монғол, тұнғыс-маньчжур тілдеріне ортақ. Якут тілінде *суй* "мүлде, тіпті" [Якутско-русский словарь, 1972; 340 б.], монғол тіліндегі *суу* "мүлде" [Б. Базылхан, 1977; 26 б.], тұнғұс-маньчжур тілдерінде *чуу* "өте" [Сравнительно-словарь тунгусо-маньчжурских языков, 1975-1977; 410 б.] мағыналарында қолданылады. Қазіргі қазақ тілінде *су жаңа* "мүлде жаңа" мағыналы тіркес кездеседі.

Тіркестердегі екінші сыңар сөз *қараңғы* монғол тіліндегі *харагүй* [А.Н. Кононов, 1968; 83 б.], қалмақ тіліндегі *харан уча* [Исследование бурятских говоров, 1968; 83 б.] сөздері қазақ тілінде "соқыр" деген мағынаны білдіреді. Тілдік деректерді негізге ала отырып, су қараңғы фраземасының мағынасын "мүлде соқыр" деп түсіндіруге болады [Ә. Нұрмағамбетов, 1994; 165 б.].

*Ішек сілесі қату* "қатты күлу". Тұнғыс-маньчжур тобындағы тілдерде *сила силуқта* [Қазақ совет энциклопедиясы, 1975; 85 б.], тува тілінде *шөйүндү* сөздері "ішек" мағынасында қолданылады [Русско-тувинский словарь, 1980; 212 б.]. Дыбыстық сәйкестіктерді ескертсек, "сила", "шөйүндү" тұлғалары қос сөздерінің сыңары болып отырған *сіле* қалпына жеткен. Тілдік деректерге сүйене келіп, "ішек-сілесі", "ішек-ішек" деп ұғынуға болады. Демек, қайталама қос сөздер екен.

Фраземаның екінші сыңары *қатты* сөзі түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінде кездеседі. М. Қашқари сөздігінде *қатғұр* немесе *қатур* сөздері "қарқылдап күлу, күлкіге кенелу" мағыналарында қолданылған [Древнетюрский словарь, 1961; 433-436 бб.]. Қазіргі алтай тілінің туба-кижи диалектісінде *қатқы* сөзі "күлкі" мағынасын береді.

Адам көңілденіп күлгенде, оның белгісі тек бет пішінінде ғана емес, бүкіл денесіне әсер ететіні белгілі. Қарқылдап күлкіге кенелген адамның иығына дейін солқылдайтыны да

бар. Күлкінің осы қалпын бейнелеуде кейде *ішегі түйілгенше күлді* деу де тілде кездеседі. Дәл осылай бейнелеудің бірі – *ішек-сілесі қатты.* Демек, адам өзі күліп қана қоймай, *ішек-ішегіне дейін күлді* деген ұғым [Ә. Нұрмағамбетов, 1994; 262-263 бб.].

Тіл тарихын зерттеуші ғалым Р. Сыздықова сөздер мен сөз тіркестерінің этимологиясына тілдік деректер негізінде этимологиялық талдау жасай келе мынандай ғылыми тұжырым айтады: "... түркология мен монголистика атты ғылым салаларында көптен бері айтылып келе жатқан ортақ сөздерден гөрі, сөз тіркестерінде, сөздің морфемдік құрамында кездесетін кейбір тұлғалардың төркінін монғол тілдерінен алып талдадық. Сонда түркі-монғолға ортақ болар деген сөздердің де, сондай-ақ таза монғолдық болар деген сөздердің де бар екенін байқадық... Таза түркілік немесе таза монғолдық деу қиын ... тұжырымдарымызды үзілді-кесілді дей алмаймыз. Бұлардың бірқатары кірме сөздер болуы мүмкін, оны әрі қарай зерттеушілер, әсіресе, алтай теориясымен шұғылданушылар нақтылайды деп ойлаймыз" [Р.Сыздықова, 1994; 176 б.].

Профессор Р. Сыздықованың пікіріне біз де қосыла отырып, кейбір фраземалардың құрамындағы қазіргі сөйлеушіге түсініксіз, дайын "құрылыс материалы" ретінде сөйлеуде қолданылатын, тұтас мағыналы фраземаларды олардың ішкі формасы мен мағынасын (семантикасын) түсіндіру және осындай тіркестердің семасиология саласында зерттеу нысанасы бола алады деген мақсатта талдау жасадық.

**Пайдаланылатын әдебиеттер:**


1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвферизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.
2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. Монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2013.
3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 с.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.
5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 191 б.
6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.
7. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 304 б.
8. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997.
9. Сағидолла Г. С. «Түркі – моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология». – Астана, 2011.
10. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. – 190 б.